

**Қазақстан Республикасының материалдық құндылықтарды  
жұмылдыру резервінен шығару (броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі  
тендер нәтижесінің  
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

15.10.2015ж.  
сағ.:11:00

**1) Тендерлік комиссия құрамы:** А.Ә. Сәду – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің (бұдан әрі – ММРК) төрағасы, тендерлік комиссияның төрағасы; С.К. Сабырбаева – ММРК төраға орынбасары, тендерлік комиссияның төраға орынбасары; комиссия мүшелері: Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы; Д.А. Нұрқанов – ММРК Бухгалтерлік есеп және қаржы басқармасының басшысы; М.Б. Мағұлов – ММРК Жұмылдыру бөлімшесінің бас сарапшысы; Ә.А. Төребекова – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссиясының хатшысы, үміткерлердің тендерге қатысу өтінімдер конвертін ашу процедурасын Астана қ., Янушкевич көш., 2, мекенжайы бойынша 2015 жылғы 15 қазанда сағат 11:00-де өткізді.

**2)** Тендер 2015 жылғы 13 шілдедегі ММРК жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын шығару (броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия отырысының хаттамасымен бекітілген Шығаруға жататын броньнан шығарылған жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының тізбесіне сәйкес өткізілді.

**3)** Соңғы мерзім өткеннен кейін келіп түскен және ашылмаған тендерге қатысу өтінімдері **жоқ**.

**4)** ММРК-нің [www.kgmr.gov.kz](http://www.kgmr.gov.kz) сайтында орналастырылған жұмылдыру резервінен материалдық құндылықтарды шығару бойынша тендерге қатысу өтінімі келесі тұлғадан тендерге қатысу өтінімдерінің соңғы тапсыру мерзіміне дейін келіп түсті:

№	Үміткер атауы	Конверттер саны	Үміткер мекенжайы	Тіркеу күні	Тіркеу уақыты
1	«Тиртранс» ЖШС	1	Ақтөбе қ., Панфилов көшесі, 34	14.10.2015 ж.	11:27
	<b>Барлық конверттер саны:</b>	<b>1</b>			

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 11-тармағына сәйкес тендерлік комиссиясы келесі өтінімді тіркеуге алды:



## 1. «Тиртранс» ЖШС (№17 лот)

Тендерге қатысу өтінімі тігілген, мөрленген, нөмерленген, 9 бетте;

1. Тендерлік өтінім;
2. Жарғы (нотариалды куәландырылған көшірмесі);
3. Мемлекеттік қайта тіркелгендігі жөніндегі куәлік (нотариалды куәландырылған көшірмесі);
4. 2015 жылғы 12 қазандағы «АТФБанк» АҚ филиалынан ағымдағы есеп-шот туралы анықтама;
5. 12.10.2015 жылғы № 230 төлем тапсырмасы.

5) Тендер комиссиясы ашық түрде дауыс беру жолымен бағалау және салыстыру нәтижелері бойынша келесі өтінімдерді кері қайтару туралы **ШЕШІМ** қабылдады:

1. Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес үміткердің банктің немесе банк филиалының алдындағы міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам созылған мерзімі өткен берешегінің жоқ екені туралы үміткерге қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының қол және мөр қойылған анықтамасының түпнұсқасының жоқтығы нәтижесінде, Қағидалардың 38 тармақтың 7)-тармақшасына сәйкес «Тиртранс» ЖШС-нің № 17 лот бойынша тендерге қатысу өтінімін.

Осы шешімге:

- тендерлік комиссияның 5 мүшесі - «қолдаймын»;
  - тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын»
- деп дауыс берді.

6) Тендер нәтижесі тендер ұйымдастырушысының Ғаламтор-қорында ([www.kgmr.gov.kz](http://www.kgmr.gov.kz)) жариялансын және қатысушыларға хабарлансын.

Тендерлік комиссия отырысында бейне жазба жүргізілді (қоса берілді).

Тендерлік комиссия отырысы 2015 жылғы 15 қазанда сағат 11.20-да жабылды деп есептелсін.

### Комиссия төрағасы:

А.Ә. Сәду



### Комиссия төрағасының орынбасары:

С.К. Сабырбаева



### Комиссия мүшелері:

Б.Қ. Ахметов



Д.А. Нұрқанов



М.Б. Мағұлов



### Комиссия хатшысы:

Ә.А. Төребекова

